

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ

# КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ

ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Астана  
2016

Осы брошюраны құрастыруға Астана қ. № 69 пилоттық мектеп-гимназиясының оқушылары мен мұғалімдері қатысты. 7-сынып оқушысы Сабиғат Ақжолға және оның ата-анасына ерекше алғысымызды білдіреміз.

*Сәлем, менің атым Ақжол!*

*Мен 7-сынып оқушысымын. Ер жеткенде менің ұшқыш болғым келеді. Ол үшін жақсы оқуым керек екенін мен білемін.*

*Қазір мектепте көп нәрсе өзгерген. Мен бұдан былай білімімнің қалай бағаланатынын мына бір оқиға арқылы сіздерге айтып берейін.*



*Бұл - менің мектебім.*



*Менің ойымша, мұнда ең жақсы мұғалімдер жұмыс істейді және ең ақылды балалар оқиды!*

*Бәрі қалай басталды дейсіз ғой...*

*Біз оқудың енді басқаша оқытылатыны туралы алғаш рет каникулға шығар алдында естідік. Бірақ ол кезде ешқайсымыз бұған аса мән бермедік. Мұғалім барлығымызды алған бағаларымызбен таныстырды. Біреулер өз бағаларына риза болып жатты, біреулері алған бағаларына таңғалды, ренжіді, енді біреулер алдағы каникул туралы армандады )))*



*Каникул өте көңілді өтті. Жаз бойы біз досым екеміз футбол ойнадық, велосипед тептік, бассейнге бардық.*

*Кейде мектептегі жаңа оқыту жайлы теледидардан естігендерімізді талқыладық. Бірақ біздің ойлағанымыздан мүлдем басқаша болып шықты.*

*Сөйтiп жүргенде, сабақ та басталды ... Мектеп жаңаша оқыту, басқаша бағалау түрiне көше бастады. Жаңалық көп.*



*«Бiзден ненi талап етiп отырғанын бiлу үшiн әуелi критерийлердi оқып алайық»*



*«Бәрiмiз келiсемiз бе? Бiз барлығымыз бiрге шешiм қабылдауымыз қажет»*



*«Берiлген критерий бойынша тапсырманы орындау мен үшiн қиын»*

*Мiне, күн сайын осылай оқимыз. Топпен, жуппен және өз бетiнше жұмыстар орындаймыз. Бiз өзiмiздi, сыныптастарымызды жиi бағалай бастадық. Ал мұғалiм бiзге көмекке келедi.*



*Билесіз бе, бір байқағаным, бізге қазір баға қоймайтын болған. Оның орнына мұғалім қалай дұрыс орындау керектігін айтады. Мұндай бағалау қалыптастырушы бағалау деп аталады. Нәтижесінде мен нені түзету және қайталауым қажеттігін білемін. Өз бағаңды жай біліп қойғаннан гөрі бұл әлдеқайда дұрыс әрі пайдалы.*



### Қалыптастырушы бағалау

- сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізіледі;
- оқушы үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады;
- сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс орнатады;
- мұғалім, ата-ана, оқушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді;
- білім беру үдерісін жетілдіруге мүмкіндік береді.

*Тағы бір қызығы, мен қателік жіберуден, мұғаліммен бірге өз нәтижем туралы талқылаудан қорықпайтын болдым.*

*Талқылау кезінде мұғалім менің қателіктерімді көрсетіп, оны қалай жөндеуге болатыны туралы ұсыныстарын айтады, кері байланыс береді.*



### **Кері байланыс**

сабақтың әр кезеңінде қолданылады, ол мұғалімнің оқушылармен үздіксіз байланыс орнатуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқу үдерісін әрі қарай жоспарлауға болады.

*Сонымен бірге сыныптағылар бір-бірімізге де кері байланыс береміз. Алғаш кемшілігімізді айта бастасақ болды, бірімізге біріміз ренжитінбіз))) . Кейін оның өзіңді қолға алып, қателеріңді түзетуге пайдасы көп екенін ұғына бастадық.*

*Ең қызығы – өзіңді бағалау. Өз жұмысымды тексеру кезінде барлығы дұрыс орындалғанына көз жеткізсем, қатты қуанамын. Бар кемшілігіңді өзің тауып, баға бере білу де үлкен ерлік дер едім. Мен сабаққа әрқашан тиянақты дайындаламын, сонда да бағалау кезінде өзіме сын көзбен қарауға, тапқан кемшілігімді келесі жолы болдырмауға тырысамын.*

Бір күні өз бетімізше тапсырмалар орындайтын күн де келіп жетті. Бұл өтілген бөлім бойынша жиынтық бағалау. Жұмысты орындағанымызға қарай бізге балл қойылды.

Бұл мен үшін қиын тапсырма болған жоқ. Сабақта не орындағанымызды және мұғалімнің барлық ұсыныстарын есіме түсірдім.



### Жиынтық бағалау

бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандағы оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін бағалау үшін жүргізіледі.



Мұғалім тапсырмаларды тексеріп, жиынтық бағалау бойынша алған балдарымызды хабарлады. Менің ата-анам рублика жіберілді.

**Рубликалар**

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесін оқушылар мен ата-аналарға ұсынатын ақпарат.



Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау қорытындысы туралы ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Оқушы	<i>Алғас</i>	Пән	Математика
		Сынып	7
Төқсан: 1 «Бүтін көрсеткішті дәреже» бөлімі бойынша жиынтық бағалау			
Бағалау критерийлері	Төмен	Орта	Жоғары
Сандарды стандартты түрде жазады және арифметикалық амалдар орындайды	Сандарды стандартты түрде жазуда және арифметикалық амалдар орындауда қиналады, өрескел қателер жібереді	Сандарды стандартты түрде жазады және арифметикалық амалдар орындайды, алайда қателер жібереді	Сандарды стандартты түрде дұрыс жазады, арифметикалық амалдарды дұрыс орындайды
	<input type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Шамаларды бір өлшем бірлігінен басқа түрге ауыстыру нәтижелерін стандартты түрде жазады	Шамаларды бір өлшем бірлігінен басқа түрге ауыстыру нәтижелерін стандартты түрде жазуда қиналады, өрескел қателер жібереді	Шамаларды бір өлшем бірлігінен басқа түрге ауыстыру нәтижелерін стандартты түрде жазады, алайда қателер жібереді	Шамаларды бір өлшем бірлігінен басқа түрге ауыстыру нәтижелерін стандартты түрде дұрыс жазады
	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>
Мұғалімнің қосымша пікірі	<i>Арифметикалық амалдарға арналған ретін қайталау және өрнектерде жақшаларда білу барысында мұқият болу қажет.</i>		

Мұғалімнің аты-жөні: *Мұстафина Р.А.*  
 Қолы: *Алғас*

Осы жолы мен тиісті 10 балды, 8-ін жинадым, бұл жақсы нәтиже. Ал келесі жолы ең жоғары балды жинауға тырысамын. Бұл балдар төқсандық бағаны қою кезінде есепке алынады. Төқсан барысында бірнеше бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстары өтті. Әрбір бағалаудан кейін мұғалімдер жұмысты қалай жетілдіруге болатыны туралы ұсыныстар беріп отырды.

Әрине, мен тоқсан барысында тапсырмаларды дер кезінде орындауға тырыстым, тапсырмаларды бағаладым және мұғалімнің жазған пікірлерін назарда ұстадым.

Ата-анам да маған көмектесуге, мені қолдауға тырысты.



Тоқсан соңында жиынтық бағалау жұмыстарын орындадық. Ол күрделі болды. Алайда біз қалыптастырушы бағалау кезінде барлық тақырыптарды тиянақты өтіп жүргендіктен, оған жақсы дайындалдық. Бұл балдар да тоқсандық бағаны қою кезінде есепке алынады.





*Біздің тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарымыздың нәтижелерін бірнеше мұғалімдер қарастырады екен. Сондықтан мен бағалардың әділ қойылатынына сенімдімін!*

*Олар балдың дұрыс қойылғанын жан-жақты талқылайды. Барлығы ортақ бір шешімге келгенде, біздің алған балдарымызды электрондық журналға қояды. Электрондық журналда тоқсандық бағаларымыз есептеледі.*



Мен орындаған барлық бөлім, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарым портфолиомда сақталады. Менің ата-анам кез келген уақытта онымен таныса алады. Осылайша, олар нәтижелерімнің қандай екенін, мектепте қалай оқып жүргенімді біле алады.

Мектепте осы бағалау жүйесін қолдана бастағаннан-ақ мыналарға назар аудардым:

- маған оқу қызықты бола бастады;
- орындаған жұмысым маған белгілі және түсінікті бағалау критерийлері арқылы тексеріледі;
- мен өзімнің білім деңгейімді анықтай аламын, әрі ата-анаммен бірге талқылай да аламын;
- маған өз нәтижелерімді мұғалімдермен бірге талқылау жеңіл;
- қалыптастырушы бағалау барысында бізге тақырыпты жақсы меңгеруге, қателізді түзетуге мүмкіндік беріледі. Содан соң ғана біз жиынтық бағалау жұмыстарын тапсырамыз;
- оқыған тақырыптар ғана тексеріліп, балл қойылады;
- мұғалімнің пікірлері мен ұсыныстары өте пайдалы.



*Ата-анам менің оқуға деген қызығушылығымның арта бастағанын айтты. Ал мен олардың:*

- менің сабағымды қадағалауы;*
- маған көмек көрсетуі;*
- менің нәтижелерімді мұғаліммен талқылауы оңай болғанын байқадым.*



*Маған және менің сыныптастарыма мектепте оқу өте қызықты. Бағалау түсінікті, әділ, әрі пайдалы бола бастады. Осылай оқыған сіздерге де ұнайды деп сенемін.*

*Бұл менің оқиғам.*

*Ал Сіз өз оқиғаларыңызбен «Мектептегі бағалау»  
форумымызда бөлісе аласыздар.*

<http://smk.edu.kz>



*Ескертпе үшін*

*Ескертпе үшін*